

ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БЕЛСЕНДІРУІНДЕГІ МЕН-КОНЦЕПЦИЯ

Нұрбапа Аружан Нұрғанатқызы

Arua.gg@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ “Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану” кафедрасы
психология мамандығының 3-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Г.Ш.Ақымбек

Бүгінгі таңда Мен-концепция мәселесі қазіргі қоғамның жеке санасының жоғары деңгейі бар тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға деген қызығушылығының өсуіне байланысты үлкен өзектілікке ие болып отыр. Қазіргі психологияда Мен-концепция термині индивидтің мінез-құлқының әртүрлі паттерналарын детерминациялайтын фактор ретінде көптеген зерттеулерге байланысты ерекше тарауға ие болды[4].

Өзін-өзі белсендіру мәселесі де қазіргі уақытқа дейін тұлғаның психологиясының өзекті тақырыбы болып қала береді.

Көптеген зерттеулерге сүйенетін болсақ, адамның өзін-өзі белсендіру процесінде Мен-концепциясының компоненттері маңызды рөл ойнайды. Сондай компоненттердің бірі тұлғаның өз-өзіне қатынасы болып табылады[2].

С.Л.Ментилеевтің өз-өзіне қатынастың иерархиялық-динамикалық құрылысы туралы жорамалына негізделе отырып, осындай тұжырымдама жасауға болады: адамның өз-өзіне қатынасы психикалық мазмұнға ие болмайды[5]. Ол субъектінің өмірлік қатынастары мен іс-әрекеттердің контекстінде ғана ашылуы мүмкін, олардың артында субъектінің жеке тұлға ретінде өзін-өзі белсендіруіне байланысты дәлелдер тұр. Өзін-өзі жетілдіру идеяларының түбі, оның қазіргі нұсқада дамитын шетелдік психология болып саналады:

- Адлер идеясы ("Кемелдікке ұмтылу");
- К. Хорни тұжырымдамасы (Біздің шынайы мүмкіндіктерімізді толық жүзеге асыру);
- К. Гольдштейн мен А. Маслоудың өзін-өзі белсендендіру концепциясы (Адамның өзі кім бола алады);
- К. Роджерстің өзекті концепциясы (Адамның өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін барынша толық анықтауға және дамытуға ұмтылуы)[3].


Осы феноменнің негізінде өсу, даму және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі жатыр. Өзін-өзі белсендіруге қол жеткізу (А. Маслоу) өмірдің мінсіз стилін білдіреді[1]. Сондықтан Мен-концепциясы өзін-өзі белсендіру аясында үлкен орын алады.

Осылайша, теориялық талдау нәтижесінде өзін-өзі белсендіруге Мен-концепциясының компоненттерінің әсер ететіні анықталды.

Эмпирикалық деректерді алу үшін келесі әдістемелер пайдаланылды: өзін-өзі белсендіру әдістмесі (Панталеева); өзіндік қатынас әдістмесі (САТ). Эмпирикалық материалды өңдеудің статистикалық әдістері (корреляциялық талдау): rs-Спирменнің рангтік корреляция коэффициенті.

Осы мәселені зерттеу үшін № 80 мектеп-лицейінің 10 сынып оқушыларына әдістемелер жүргізілді. Қатысушылар саны 29, орташа жас көрсеткіші 16.

Алынған мәліметтерді талдай отырып, біздің ойымызша, оқушылардың өз-өзіне қатынасы жоғары деңгейде болған жағдайда, өзін-өзі белсендендіру орташадан сәл төмен болуы олардың өзін-өзі жоғары бағалауымен байланысты, яғни өздерін көптеген істерді мәжбүрлеуін қажет емес деп санайды. Әрине, бұл факторға олардың жас ерекшеліктері әсер етеді. Бірақ егер олар өз ұстанымдарын және принциптерін өзгертуіне талпынбаса, кейінгі ересек өмірлерінде қиын жағдаяттарға тап болады.




сурет-1. Өзін-өзі жетілдіру шкалалары

Мысалы, сыналұшылардың өзін-өзі құрметтеуі, аутосимпатиясы, интегралдылық, өзін-өзі қабылдауы, өз-өзіне қызығушылық, құндылық бағдарлануы және адам табиғатын түсінуі орташадан жоғары, әсіресе өзін-өзі құрметтеуі, өзін-өзі қабылдауы, өз-өзіне қызығушылық және интегралдылық. Тек басқалардан оң қатынас күту шкаласы өте төмен деңгейде орналасады.

Бұл оқушылардың сыртқы ортадан келетін қозқарастарды қабылдамауын көрсетеді. Олар тек өз жақындарының айтқанына сенеді және осы себептен, жақындарының айтқан сынынан қатты күйзеліске ұшырайды.




сурет-2. Өзін-өзі жетілдіру шкалалары



сурет-3. Қосымша шкалалар

Оқушылардың өзін-өзі белсендіру және өз-өзіне қатынас деңгейлеріне салыстырмалы талдау жүргізу үшін корреляциялық статистиканың параметрлік емес әдісі таңдалынды (Спирменді корреляциялық талдау әдісі).



сурет-4. Жалпы анализ

Нәтижесінде екі әдістеменің арасында келесі шкалалар арасында корреляциялық байланыс орнатылды- аутосимпатия, агрессия қабылдау, басқалардан күтілетін қатынас пен спонтандылық шкалалары. Осыған байланысты анықталған ақпарат:

- Өзіне сенімділікті арттыру үшін олар басқа адамдарға агрессияны бағыттайды.
- Басқаларға өз қатынасын көрсету үшін олардың оқушыларға жақсы қарым-қатынас жасауымен байланысты болады.
- Оларға басқалармен қарым-қатынас жасауында қиындықтары бар, сондықтан өзгелердің пікірі өте маңызды.
- Нарциссизм деңгейі өте жоғары, сондықтан басқа адамдардың көмегін мойындамайды.
- Мінез-құлық икемділігі өте маңызды, бірақ оқушылардың бұл көрсеткіші төмен. Сол себепті оларға болашақта басқа жастардың арттарынан үлгермеуі мүмкін. Себебі қазіргі күннің ең басты критерийі креативтілік.
- Оқушылардың өзін-өзі құрметтеуі мен бағалауы жоғары деңгейде орналасқан, сондықтан керек кезде өз қажеттіліктерін толықтай қанағаттандыра алатынына сенімділік бар.

- Жалпы балаларды өзін-өзі белсендіруші тұлғалар деп атауға болады.

Тұлғаның өз-өзіне қатынас деңгейі жалпы тұлғаның өзін-өзі белсендіруіне әсер ететінін ұсынған болжама, жүргізілген зерттеу негізінде расталды. Яғни жоғарыда жүргізілген зерттеу нәтижесіне сүйенсек, неғұрлым тұлғаның өзіндік қатынасы жоғары соғұрлым өзін-өзі белсендіру деңгейі көтеріледі. Сондықтан әр тұлға өз даму жолында сенімділік пен позитивтілік қатынасымен қарау керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Маслоу А. Мотивация и личность. Motivation and Personality/пер. с англ. А. М. Татлыбаевой. - СПб.: Евразия, 2016. - 478 с. - 4000 экз.
2. Столин В. В. Самосознание личности. - М. : МГУ, 2015.
3. Leflot, Geertje; Onghena, Patrick; Colpin, Hilde (2015). "Teacher–child interactions: relations with children's self-concept in second grade". *Infant and Child Development*. **19** (4): 385–405.
4. Wilson, AE; Ross, M (April 2015). "From chump to champ: people's appraisals of their earlier and present selves". *Journal of Personality and Social Psychology*. **80** (4): 572–584.
5. Дерябин А. А. Я-концепция и теория когнитивного диссонанса: обзор зарубежной литературы / Новосибирский государственный университет.